

**«ДҮНИЕ» АҚТӨБЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫң
ПРЕЗИДЕНТІ
Ж.Т. БҮТИНШІНОВТІҢ**

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Құрметті конференция қатысушылары және қонактар!

Бұгін «Дүние» Ақтөбе әлеуметтік-техникалық институтының базасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және 5 желтоқсан «Ғылым» күніне орайластырылған ғылыми-практикалық конференция өтпекші, осы айтулы шараға институтымызға білім беру, ғылым саласында көптеген жылдар бойы енбек етіп жүрген педагогтар, ғалымдар, жас мамандар жиналып отыр.

Біз осы конференцияда жоғары мектептің ақпараттық қоғам жағдайында жанаша келбетте қалыптасып келе жатқан өзекті мәселелерін талқылау үшін жиналып отырмыз. Себебі, экономиканың жаңандасуы, әлемдегі курделі саяси үрдістер, әлеуметтік-мәдени трансформациялар – XXI ғасырдың басты өзгерістері болып табылады. Қазірдің өзінде мемлекетімізді дамыту үшін, ең алдымен, білім беру саласын қарқынды дамыту керектігі айқын байқалуда. Ғылым, білім, жана технологиялар дәүірін білім беру саласын жана сапаға көтермей елеестету мүмкін емес. Сәйкесінше, қоғамда орын алып жатқан жаңандық өзгерістер жастарға білім беру, оларды елінсүйгіш азамат етіп тәрбиелеу мәселелерін қайта қарауды, оларды жанаша бағытта дамытуды кажет етеді. Сондыктан бұгінде білім беру саласына қатысты барлық әлеуметтік институттар осы мәселелерді бірлесе шешуге жұмылуы керек деп есептейміз. Сәйкесінше, білім беру саласын дамыту, адами капиталды жетілдіре түсу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып келеді.

«Дүние» әлеуметтік-техникалық институты да әр саланың мамандарын даярлайтын білім ордасы болғандықтан, институт кабырғасында жұмыс істейтін оқытушылардың, ғалымдардың қоғамдағы жаңалыктардан, ақпараттардан үнемі хабардар болуы, оларды ортақ талқыға салып, тиімді шешімге келуі, өзара тәжірибе алмасуы, өзіндік ұсныстар беруде белсененді болуы маңызды мәселелер қатарында қала бермек. Олай болса, ғаламдасу ғасырында жанаша формациядагы бәсекеге кабілетті және Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта жоғары деңгейде таныта алатын тұлға қалыптастыру мәселесі бұгінгі Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мерекесіне арналған конференцияның негізгі өзегін құрауы керек.

Қорыта келе, конференция жұмысы алға қойған мақсаттарына жетіп, жоғары мектеп саласын дамытуға, білім беру саласындағы түйіндерді, әлеуметтік мәселелерді шешуге өзіндік үлес қосатын мазмұнды болсын деген тілек білдіремін. Конференция қатысушыларына жұмыстарыңыз сәтті болсын деймін!